




ХАС ЖАҚСЫНЫң ӨЗІ БОЛАТЫН



Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Дүкенбай Досжанның туғанына 75 жыл толуына орай салтанатты кеш өтті. Кеше ғана сияқты еді, қызылшырайлы жүзінен нұры тамып, мөлдіреген қара көзінен мейірім шуағы төгілген бейкүнә ағамыздың арамызда томпаң қағып жүргені. Одан бері бақандай төрт жыл заулап өте шығыпты. Осы төрт жылда ірі суреткердің тірісінде сонынан қалмаған жел сөздер біржола байырқалап, тыншу тапты. Енді сол жел сөздердің өзі жастай мойындалған қаламгердің даралық, ұлылық сипатына ауысып үлгерді. Сөзге өлердей ғашық болған Дүкенбай аға артынан сөз ерген хас жақсының өзі болатын. Басқосуда естелік айтқан есті ағалардың сөздері де соны ұқтырыды. Салтанатты кешті Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Нұрлан Оразалин сөз сөйлем ашты:

– Откен ғасырдың 60-жылдары әдебиетімізге үлкен таланттар шоғыры үлкен сілкініс алып келген кезең болды. Оларға «60-жылғылар» деген айдар тақтық. Жылымық шақ, еркін ойлау, еркін жүріп-тұрудың кезеңі. Кілең тұлпар таланттардың арасында олардың көбінен жасы кіші болғанымен, қатарласа шауып, қаламының тегеурінін танытып, тарихтың тынына түрен салған, көбіміз ол кезде әлі танып-білмеген «Отырарды», «Фарабиді» жазып, қаламгерлердің назарын бірден өзіне аударған осы Дүкенбай Досжан болатын. Ол кісі жайлы таңды таңға, кешті кешке жалғап айтуға болады. 1965 жылдың күзі. Дүкенбай ағаның «Жетісу» газетіне жаңа орналасқан кезі екен, 1-курста оқытын менің алып барған өлеңдерімді оқып, жақсы баға берді. «Әлі 5-курсқа барғанша классик боласың» деп көтермелеп, «қалған тағдырынды Бекен ағаң шешеді» деп, өзімен қызметтес Бекен Әбдіразақовқа алып барды. Бекен аға, неге екенін, көп өлеңнің ішінен таңдал алып, «Анама» деген бір өлеңімді газетке басты. Кейін білдік, маган алғаш жол көрсеткен Дүкенбай Досжан бір дәуірдің үлкен әдебиетін жасаған буынның ішіндегі орасан еңбеккор, орны бөлек адам екен. Сол буынға біз әлі ризамыз, – деп бақылық

болған Дүкенбай ағаның орнына баласы Ардақ Досжанды саҳнага шығарып, ишінән қалың қаламгер атынан оқалы шапан жапты. Саҳнадан көрсетілген бейнекөріністе Дүкенбай аға: «Көп жанған адам тез таусылады дейді. Мен отқа қойған қазан секілдімін. Біреулер бу болышп кетпей ме деп қалжындаиды. Шеберлік – өлшеусіз. Жазушының өмірі – өлшеулі. Өлшеулі өмір болса да, өлшеусіз шеберліктің үдесінен шықсақ деп келемін» деп тірі кезіндегідей сыр толғайды.

Марқұм жазушының Астанадан ат арытып келген курсас досы, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, жазушы Сұлтан Оразалин:

– Бұгін Дүкенбай досымның бір аунап түскен күні болды. 17 жасымыздан өмірінің соңына дейін дос болдық. Таза арман құған жастық шағымыз бірге өтті. Студентпіз. – Эй, Сұлтан, біз у-шуы көп жатақханада оқып жарытпаймыз. Екеуміз пәтерге шығайық деді бір күні. Пәтеріміз аэропорт жақта. Етпетінен түсіп алғып күні бойы өлең жазады. Алдымен өңшен үйқас сөздерді теріп алғып, сосын алдыңғы жағын толтырады. Ерінбей 17 рет көшіріп жазады. «Сенен ақын шықпайды» деймін. Содан, прозаға біржола ауысты. Алғашқы кітабы университетте оқып жүргенде шықты. 1965 жылы жазған «Отырары» «Лениншіл жас» газетінің №9 санында жарияланды. Мұндай бақыт ол кезде санаулы қаламгерге ғана бүйіраратын. Бір айта кететін нәрсе, Дүкеннің мінезі қызық еді. Ұлы суретші Пикассоның пендешілігі көп болған дейді. Ұлы суреткер, бірақ жұрт түсінбей өткен әпенделік қылыштары көп. Дүкенбай досым да ұлы еңбектің адамы болды. Оның да жұрт түсінбейтін өмірге икемсіздігі, әпенделігі көп еді. Бұл өзі ірі таланттарда болатын мінез. Бізде шығармашылық адамының психологиясын зерттейтін адам жоқ. Әзілді қатты қөтеретін. Қобіне ондай ашы анекдоттарды досы Дулат Исабеков шығаратын. Достыққа өте адал адам еді – деп, кітабы «оқырманы қисапсыз жазушы» деген сериямен шықкан Дүкенбай ағаның еңбекқорлығын ұлғі өтті. Жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков: – Көптен бері Жазушылар үйіне мұнша көп адамың жиналғаның көрмеп едім. Бұл Дүкенбай Досжанға деген оқырманның ықыласы деп ойлаймын, – деп марқұмның шығармашылықтағы, өмірдегі ерекшеліктеріне тоқталды. – Мен әскерде жүргенімде талай хат алдыстық. Кітабына пікір де жазатынын. Сол хаттарымыз сақталмады. Эпистолярлық жанрга мән бермейтін халықпаз. Әйтпесе талай сырларымыз сол хаттарда еді. Кейін отбасымызben арапастық. Ол кезде баласы Ардақ бұзықтау еді, тамақ ішкізбейтін. Үйге алғып келемін десе, азар да безер болатынбыз. Сол Ардақ, айналайын, ұлken азamat болды, ұлken-ұлken қызметтерде жүр. Әкесінің аруағына лайық қызметін көрсетіп жүр. Біз Дүкенбайдан үйрене алмадық. Бәрімізден бұрын тарихи тақырыпқа барып, көзімізді ашты. Өте өнімді еңбектенді. Қөп жазды. Қөп жазған соң, әрине, кемшілік те кетеді. Сол көп жазғаннан ұнамай да қалады. Мен соған «Драматург – мейлінше қатыгез хирург. Артық нәрсенің бәрін аяусыз сұлып тастайды. Талғау, екшеу сенде болмай ма, неге қысқа жазбайсың?» деп тиісемін. Ол жазудан еш жалықпайтын. Бір минутын артық жүріс-тұрысқа жұмсамайтын. «Қазақтың Бальзагі» деді жұрт. «Қымыз», «Қекпар» деген атақты әңгімелері болды. Енді Дүкен турагы анекдотты мен шығармаймын, Дүкеннің өзі соған сұранып тұрады. Тіршілігін айтам да. Анекдотты да жақсы көрген адамыңа шығарасың. «Жас Алаш» газетінде кезінде «Сіздің сүйікті анекdotының?» деген айдар болды. Мен соған Дүкен турагы анекдот айтқанмын. Солай басталып кетті. Соның біреуі мынадай: Дүниеде сыры ашылмаған үш нәрсе бар. Оның бірі – Шыңғыс ханның моласы қайда? Екіншісі – Терещкова кімнен туған? Үшіншісі – Дүкенбай қай жылы туған? Осылай қалжың әңгіме кете береді. Дүкенбай кеткен соң анекдот та тоқтады. Әзіліміз қатты жарасқан достар едік. Жалпы, Дүкенбай Сыр өніріне қарыздар. Құнарлы топырақ, қатпары қалың тарих. Соның бәрі оның шығармаларында көрініс тапты, – деп бір жағы әзілмен, бір жағы сағынышпен жылы естелік айтты.

Философия ғылымдарының докторы, академик Фарифолла Есім «қазақ – сөзге бай халық» дей келе, сөз ұстаған, құдіретті сөзге ие болған Дүкенбай Досжан шығармаларының 80 пайызын оқып шыққанын айттып, жазушы өмірде өзіне жол көрсеткенін, небір философтардың еңбектерін оқуға бастамашы болғанын айттып өтті және Дүкенбай Досжанның «Пайғамбардың өлімі» деген туындысына тоқталып, жазушы еңбектерінің философиялық астарына үңілді.

Жазушы Марал Ысқақбай : – Қазір Дүкенбайдың досымын деп жүргендер көбейе бастады. Оның шын достары кімдер екенін баласы Ардақ пен қарындасты Ләйлі біледі. Шын достары өзімнен басқа Әбіш, Кәрібай, Төлен, Әшірбек Сығай болатын. Біреулер сараң деп сөз шығарды. Сараң емес, оның дастарханы ағыл-тегіл болатын. Қолы ашық еді. Студент кезінен білемін. 1959 жылы оқуга бірге түстік. Мен Дүкенбайдан төрт жас үлкенмін. Өле-өлгенше дос болдық. 70 жасқа толғанында Дүкенбай туралы «Қазақ әдебиеті» газетіне «Дархан дарын» деген мақала жаздым, 1,5 бет болып шықты. Дүкенбайдың сол мақаламды тірі кезінде оқығанына қуанамын. Оны қазір де жазуға болар еді. Бірақ тірі кезінде өзі оқығандай болмайды ғой. Соған өзіме іштей риза боламын. Ол сөзге мейлінше ғашық адам еді. Көкірегіне Құдай қара сөзді дария қылып құйып қойған. Студент кезінде құніне екі өлең жазып әкелетін. Көп жазған соң арасында кемшілігі де кеткен шығар, бірақ шымыр дүниелері жеткілікті. Ол Әбіштен бұрын шет тілдеріне аударылған, өзге әлемге ерте танылған адам. Артынан қызғаныштың қызыл иті содан кейін ерді. Ол өте биязы, мінезі жұмсақ, кіршіксіз таза, артық сөзі жоқ, ешқашан біреудің сыртынан ғайбат сөйлемейтін адам еді. Өңіндегі қызы біткен сұлулық болатын. Бір ұстаз апаймыз «Дүкенбайға қарап отыра бергім келеді» дейтін, – деп өткеннен өнегелі естелік айтты. Ара-арасында әсем әнмен өрнектелген әсерлі кеште басқа да шығып сөйлеушілер жазушы Дүкенбай Досжан жайында тағылымды ойларын ортаға салды. Алғашқы өлеңі 15 жасында жарық көрген қаламгердің содан бері 11 роман, 22 хикаят, 100-дің үстінде әңгімесі жарық көріпті. Әлемнің 20 тілінде жеке жинақтары шығыпты. Айтарын айттып, жазарын жазып кеткен жазушыда не арман бар дейсіз. Бірақ адамның арманы таусылған ба. Дүкенбай ағаның да арманы көп еді. Ол – жазу, жазу, тағы да жазу болатын...

Төреғали ТӘШЕНОВ